ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2020 жылғы III тоқсан

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарыққа қатысушыларна өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер ашып көрсетіледі.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында тоқсанына бір рет электрондық нұсқада жарияланады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....4

I. АҚША НАРЫҒЫ.....7

А) Репо нарығы 7

Б) Своп нарығы.....9

В) Ақша нарығында өтімділікті реттеу бойынша ҚРҰБ-ның тұрақты қолжетімді және ашық нарық операциялары.....9

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ.....12

А) Айырбастау бағамы қалыптасуының сыртқы факторлары.....12

Б) Ішкі валюта нарығындағы жалпы ахуал.....13

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар.....14

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар.....15

Д) Жеткізілмейтін валюта форвардтарының нарығы.....17

Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы.....17

III. ҚОР НАРЫҒЫ.....19

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.....20

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы.....21

В) Акциялар нарығы.....22

IV. ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ.....24

А) Депозиттер көлемі және долларландыру.....25

Б) ҚДКҚ шекті мөлшерлемелері.....26

VI. КРЕДИТТІК НАРЫҚ.....29

А) Жаңа кредиттер беру.....30

Б) Субъектілер бөлігінде жаңа кредиттер беру.....30

В) Нетто-кредиттеу.....31

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР.....33

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ.....34

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Жекелеген дамушы елдер валюталары бойынша шолу.....18

2-қосымша. Өңірлер бойынша депозиттер.....28

КІРІСПЕ

ҚРҰБ шілдеде базалық мөлшерлемені төмендетіп, III тоқсанда ақша-кредит саясатын жеңілдетуді жалғастырды. Базалық мөлшерлеме бойынша екі кезекті шешім қабылданды. 21 шілдеде пайыздық дәлізді +/-1,5 п.т. дейін тарылта отырып базалық мөлшерлеме 9,0%-ға дейін төмендетілді. 8 қыркүйекте базалық мөлшерлеме сол деңгейде сақталды.

Қыркүйекте әлемде коронавируспен сырқаттанудың өсуі байқалды, бұл жекелеген елдерде жер-жерлерде қайтадан шектеу шараларын енгізу қажеттілігіне алып келді. Бұл ретте қыркүйектің соңына енгізілетін шектеулердің кең ауқымды сипаты болған жоқ. Жалпы алғанда нарыққа қатысушылар көктемдегі жағдайға қарағанда ағымдағы оқиғаларға мейлінше сабырмен ден қоя бастады. Бұл карантиндік шектеулерді абайлап қайта жандандыруға, жаңа шектеулердің болмауына, сондай-ақ орталық банктер мен үкіметтердің экономиканы қолдаудың және қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін төмендетудің кең ауқымды шараларын іске асырғанына байланысты.

Коронавирустың таралу тәуекеліне байланысты теріс әсерден, сондай-ақ басқа да сыртқы факторлардан Қазақстан қаржы нарығында құбылмалылық өсті. Нарыққа әсер ететін теріс факторларға қарамастан, жалпы ахуал көктемдегіге қарағанда мейлінше аз құбылмалы болды. Жалпы алғанда Қазақстанның қаржы нарығында covid-19-ға байланысты карантин шараларын жеңілдету және іскерлік белсенділікті қолдау үшін ҚР Үкіметі мен ҚРҰБ-ның дағдарысқа қарсы кең ауқымды бағдарламаларын іске асыру аясында белсенділіктің біртіндеп қалпына келуі байқалады.

Валюта нарығындағы ахуал дамушы елдер валюталарының әлсіреуіне және мұнайға баға белгілеудің төмендеуіне байланысты сыртқы жағдайлардың әсерімен дамыды. Коронавирустың екінші толқыны және алдағы уақыттағы АҚШ президенттік сайлауы аясында нарық белгісіздік және жоғары құбылмалылық жағдайында болды. Инвесторлардың қызығушылығы қорғаныс активтеріне, соның ішінде алтын мен «АҚШ-тың ең сенімді акцияларына» біртіндеп ауысты. Ішкі валюта нарығында туынды қаржы құралдарымен операциялардың төмендеуі және спот мәмілелерінің айтарлықтай өсуі байқалды. Валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігі ҚР бюджетінің кепілдендірілген трансферттерін жүзеге асыру үшін валютаны конвертациялау операцияларымен, сондай-ақ экспорттаушы компаниялардың валюталық түсімді сатуымен қолдау тапты. 2020 жылғы қыркүйектің кейбір күндері ҚРҰБ айырбастау бағамының артық құбылмалылығын болдырмау үшін интервенциялар жүргізді.

Ақша нарығы өтімділік профициті жағдайында жұмыс істеді. Өтімділіктің негізгі көлемі ҚРҰБ-ның қысқа мерзімді ноттарымен алынды. 2020 жылғы III тоқсаннан бастап Ұлттық Банк жылдық ноттарды шығаруды тоқтатты, бұл олардың айналыстағы көлемінің төмендеуіне алып келді. Депозиттік аукциондармен өтімділікті алу көлемінің кезең-кезеңімен өсуі байқалды.

Ақша нарығының мөлшерлемелері нысаналы дәліз ішінде қалыптасты. Салық төлемдері кезеңінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша мөлшерлемелердің жоғарғы шекке жақын кезеңді өсуі байқалды. Своп мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде өсуді көрсетті.

Ағымдағы жылғы 3 тамыздан бастап KASE репо нарығын орталық контрагентпен репо және гросс есептеулермен репо деп бөле отырып ASTS+ жаңа сауда жүйесінде мәмілелерді жүзеге асыруда. TONIA индикаторын есептеу тек орталық контрагентпен репо мәмілелерін есепке алу түрінде жүзеге асырылады.

Қор нарығында ахуал тұрақты болды. Бастапқы нарықтағы МБҚ эмиссиясының көлемі 2020 жылғы III тоқсанда елдегі жұмыспен қамтуды және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру үшін бюджет тапшылығын қаржыландыру қажеттілігінің өсуі аясында өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өсті.

Облигациялардың корпоративтік секторында 2020 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда қаражаттың әкелінуі 24%-ға төмендеді. Квазимемлекеттік сектор орналастыру көлемі бойынша көшбасшы болып қалуда. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды.

Шілде-тамызда акциялар нарығында өсу байқалып, KASE индексі 3,5%-ға өсті. Бұл ретте қыркүйекте әлемде коронавируспен сырқаттанудың өсуі, сондай-ақ саяси және әскери қақтығыстар, АҚШ-та сайлауды күту және басқалар акциялар нарығына теріс әсерін тигізді.

Депозит нарығында III тоқсанда теңгелік, сондай-ақ валюталық бөліктің өсуі есебінен депозиттер көлемінің өсуі байқалды. Теңгелік депозиттердің өсуі мерзімді салымдар есебінен болды. Валюталық депозиттер сыртқы тәуекелдердің өсуіне және кейбір салымшылардың валюталық депозиттерге ауысуына байланысты айырбастау бағамының әлсіреуі салдарынан бағамдық қайта бағалау аясында өсті.

Депозиттердің долларлануы теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуі аясында аздап ұлғайды. Бұл ретте заңды тұлғалардың валюталық салымдары жоғары дәрежеде өсті.

Халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер III тоқсанда базалық мөлшерлеменің төмендеуі, сондай-ақ депозиттер бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелерінің тиісінше төмендеуі әсерінен қалыптасты.

Кредит нарығында кредиттік белсенділік қалпына келді. Бір айда жаңа кредиттер беру жылдық көрсеткіште өсудің оң аймағына, оның ішінде шектеу шараларын жеңілдету аясында халықтың тұтынушылық мақсаттарға кредиттерінің қалпына келуі есебінен өтті.

Бір тоқсанда жаңа кредиттер беру өтелген кредиттер көлемінен асты. Нәтижесінде банктік кредиттер бойынша берешек қалдығы (кредиттік портфель) 2020 жылғы III тоқсанның соңына қарай жылдық көрсеткіште 7,1%-ға 14,3 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Кредиттік портфельдің жылдық өсуі 2020 жылғы наурыздағы 14,7%-дан шілдедегі 6,7%-ға дейін қарқынды баяулағаннан кейін, тамыздан бастап біртіндеп жылдамдауды көрсетеді.

I. АҚША НАРЫҒЫ

I. Ақша нарығы

Ақша нарығының мөлшерлемелері нысаналы дәліз ішінде қалыптасты. Салық төлемдері кезеңінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша мөлшерлемелердің жоғарғы шекараға жақын мерзімді өсуі байқалды. Своп мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде өсуді көрсетті.

Өтімділіктің негізгі көлемі ҚРҰБ-ның қысқа мерзімді ноттарымен алынды. Ұлттық Банк жылдық ноттарды шығаруды тоқтатып қойды, бұл 2020 жылғы III тоқсанда олардың айналыстағы көлемінің төмендеуіне алып келді. Депозиттік аукциондармен өтімділікті алу көлемінің кезең-кезеңімен өсуі байқалды. Жалпы алғанда, ақша нарығы өтімділік профициті жағдайында жұмыс істеуді жалғастырды.

Ағымдағы жылғы 3 тамыздан бастап KASE репо нарығын орталық контрагентпен репо және гросс есептеулермен репо деп бөле отырып ASTS+ жаңа сауда жүйесінде мәмілелержі жүзеге асыруда. TONIA индикаторын есептеу тек орталық контрагентпен репо мәмілелерін есепке алу түрінде жүзеге асырылады.

1-график. МБҚ-мен репо нарығында пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

2-график. Репо нарығында ашық позициялар



Дереккөзі: ҚРҰБ

А) Репо нарығы

ҚРҰБ ақша нарығындағы операцияларының мақсаты пайыздық дәліз шегінде базалық мөлшерлеме деңгейіне жақын бір күндік репо (TONIA) таргеттелетін мөлшерлемесін қолдау болып табылады.

Базалық мөлшерлеме бойынша 2020 жылғы III тоқсанда екі кезекті шешім қабылданды. 21 шілдеде пайыздық дәлізді +/- 1,5 п.т. дейін тарылта отырып базалық мөлшерлеме 9,0%-ға дейін төмендетілді. Мөлшерлемені төмендету проинфляциялық тәуекелдердің әлсіреуімен және ағымдағы жылғы бірінші жартыжылдықта күтілгеннен күштірек экономикалық белсенділіктің қысқаруымен байланысты болды.

Пайыздық дәлізді тарылту қаржы нарықтарындағы ахуалдың тұрақтануына байланысты болды және ақша нарығының мөлшерлемелерін базалық мөлшерлемеге жақындатуға, ақша нарығы мөлшерлемелерінің құбылмалылығын төмендетуге және нарыққа қатысушылардың неғұрлым тұрақты күтулерін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған.

8 қыркүйекте базалық мөлшерлемесыртқы қаржы және тауар нарықтарындағы құбылмалылықтың өсуі аясында 9,0% деңгейінде сақталды.

Ақша нарығының мөлшерлемелері базалық мөлшерлеменің нысаналы дәлізі ішінде қалыптасты. Айдың соңына тән салық төлемдері кезеңінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша мөлшерлемелердің жоғарғы шекке жақын өсуі байқалды (1-график).

Тоқсан ішінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер 7,61%-10,60% ауқымында, 7 күн мерзімімен- 8,41%-10,14%, 14 күн мерзімімен – 8,43%-10,00%, 28 күн мерзімімен – 8,18%-9,68% өзгерді.

Ағымдағы жылғы тамыздан бастап KASE қор нарығындағы биржалық сауданы ASTS+ жаңа сауда-клирингтік жүйесіне ауыстырып, қор нарығының барлық қаржы құралдары үшін орталық контрагент болды. Бұл қадам өтімділікті басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған және транзакциялық шығындардың төмендеуіне әкеледі.

TONIA есебіне тек контрагентпен сауда-саттық енгізіледі. Осыған байланысты тоқсанның ортасынан бастап авторепо нарығында ашық позициялардың төмендеуі байқалды (2-график). МБҚ-мен бір күндік авторепо нарығында мәмілелердің орташа күндік көлемі күніне 181,6 млрд теңге болды.

Бір күндік репо-ның орташа есептелген мөлшерлемесін қалыптастыру кезінде алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда жабылу бағасының ашылу бағасынан асып кету кезеңдері басым болды (3-график, жасыл бағандар).

Репо овернайт нарығында қатысушылардың сұранысы да, өтімділік ұсынысы да біркелкі болды.

Жалпы алғанда, банктер бұрынғыша репо нарығының негізгі қатысушылары болып қалуда. Өтімділікті орналастыру бойынша олардың операцияларының үлесі 2020 жылғы III тоқсанда 63,7%-ды, өтімділікті тарту бойынша ЕДБ операцияларының үлесі - 58%-ды құрады (4-график). ҚРҰБ-ның өтімділікті орналастырудағы (ұсынудағы) үлесі 25%, тартудағы (алудағы) үлесі – 12% болды (4-график).

Бір күндік репо нарығында өтімділікті тартуда қатысушыларда өтімділік шоғырлануының жоғары деңгейі байқалады (5-график). Шоғырлану жеке қатысушылардағы өтімділіктің негізгі көлемінің шоғырлануын білдіреді.

3-график. Репо овернайт мөлшерлемелерінің күнішілік өзгерістері



Дереккөзі: ҚРҰБ

4-график. Репо овернайт нарығының құрылымы



Дереккөзі: ҚРҰБ

5-график. Бір күндік репо нарығында қатысушылардың шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚРҰБ

Нарықта шоғырлану дәрежесін бағалау үшін пайдаланылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылар үлестерінің төрт еселенген сомасы ретінде айқындалады. Аймағы неғұрлым қошқыл қою болса, шоғырлану соғұрлым жоғары болады:

Шоғырлануы жоғары нарықтар: 1800 < HHI < 10000

Шоғырлануы қалыпты нарықтар: 1000 < HHI < 1800

Шоғырлануы төмен нарықтар: HHI < 1000

6-график. Өтімділікті уақыт бойынша бөлу, лог. шкала

Дереккөзі: ҚРҰБ

7-график. Своп нарығы - 1 күн



Дереккөзі: ҚРҰБ

8-график. Своп нарығы - 2 күн



Дереккөзі: ҚРҰБ

9-график. ҚРҰБ ноттары бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бұл ретте орналастыруда жеке кезеңдерден басқа шоғырлану деңгейі қалыпты болды.

Ағымдағы жылғы наурызда және маусым мен қыркүйектің жекелеген кезеңдерінде өтімділікті орналастырудағы шоғырланудың елеулі өсуі теңгелік өтімділікке жоғары сұранысқа және Ұлттық банктің қатысуына байланысты болды. Ахуалдың тұрақтануына қарай шоғырлану төмендеп, орташа мәндерге жуық болды.

III тоқсанда нарық негізінен жоғары шоғырлану аймағында өтімділікті тарту жағынан да, орналастыру жағынан да болды (5-график).

Қарастырылып отырған кезеңнің көп бөлігінде тұрақты қолжетімді операцияларға уақыт шегі қолданылды. Тиісінше сауда-саттық уақыты қысқарып, осының аясында өтімділіктің бөлінуі сауда-саттықтың таңертеңгі уақытына ауысты (6-гарфик).

Б) Своп нарығы

СВОП мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңдерінде өсуді көрсетті. 1 күндік мерзімді своп мәмілелері бойынша мөлшерлемелер 7,39%-11,60%, ал 2 күндік мәмілелер бойынша – 7,98%-11,85% ауқымында өзгерді (7-8-графиктер).

Екінші тоқсанда басталған екі күндік своптар нарығындағы сауда-саттық көлемінің төмендеу үрдісі жалғасты. Бір күндік своп нарығында да сауда-саттық көлемінің төмендеуі байқалды. Мәселен, екі күндік және бір күндік своп нарығының орташа күндік айналымы алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда күніне тиісінше 13,8%-ға 12,2 млрд теңгеге дейін және 42,3%-ға 14,9 млрд теңгеге дейін төмендеді.

В) ҚРҰБ ақша нарығындағы өтімділікті реттеу бойынша тұрақты қолжетімді және ашық нарық операциялары

Ашық нарық операциялары шеңберінде депозиттік аукциондардың өтімділікті алып қою көлемдерінің кезең-кезеңімен өсуі байқалды. Бұл ретте қыркүйектің соңында депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция ағымдағы жылғы маусымның соңымен салыстырғанда 13%-ға төмендеп, 767 млрд теңгені құрады.

2020 жылғы III тоқсанда жылдық ноттарды шығаруды алып тастауға байланысты олардың көлемінің күтілетін төмендеуі байқалды. Бұл шара ҚРҰБ ноттарынан ҚР Қаржыминінің мемлекеттік бағалы қағаздарына банктік өтімділіктің «әкелінуін» ынталандыруға бағытталды.

Өткен тоқсанмен салыстырғанда төмендеу маусымның соңындағы 3,3 трлн теңгеден қыркүйектің соңындағы 3,2 трлн теңгеге дейін 3,4%-ды құрады. 6 және 12 айлық ноттардың үлесі маусымның соңынағы 71%-дан 2020 жылғы қыркүйектің соңына қарай 52%-ға дейін төмендеді (9-график).

Тұрақты қолжетімді операциялар ретінде ҚРҰБ өтімділікті алу бойынша қысқа мерзімді мәмілелер жасады: 1 күндік депозиттер, тікелей репо овернайт және валюталық своп мәмілелері; және өтімділікті ұсыну бойынша: кері репо және валюталық своп овернайт мәмілелері (10-график).

III тоқсанның соңына қарай тұрақты қолжетімді операциялар бойынша алып қою көлемдерінің төмендеуі байқалды.

Жалпы, тоқсан ішінде ақша нарығы артық өтімділік жағдайында жұмыс істеді. Ақша нарығындағы өтімділіктің құрылымдық профициті тоқсан ішінде 4,4 трлн теңгеден 8%-ға төмендеп, тоқсан соңында 4,0 трлн теңгеге бағаланды.

10-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімді операцияларының көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

II. Валюта нарығы

III тоқсанда валюта нарығындағы ахуал негізінен теріс сыртқы факторлардың әсерінен дамыды. Тоқсанның ортасынан бастап дамушы елдердің валюталары инвесторлардың тәуекелді активтерге қызығушылығының төмендеуіне байланысты әлсірей бастады. Еуропа мен АҚШ-та коронавирус жұқтырғандар санының өсуі, сондай-ақ Ливия мен АҚШ кен орындарында өндірудің ұлғаюы аясында мұнайға сұраныстың қалпына келуіне байланысты оптимизмнің әлсіреуіне байланысты мұнай бағасы біртіндеп төмендеді.

Ағымдағы жылғы шілде-тамызда шектеу шараларының қолданылуы және Ұлттық қордан кепілдендірілген трансфертті жүзеге асыру үшін валютаны сату көлемінің жоғары болуы валюта нарығы үшін маңызды ішкі жағдайларға айналды.

А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы факторлары

Шілде-тамызда бірқатар қолайлы жағдайларға байланысты мұнай бағасының оң серпіні байқалды. Олардың ішінде әлемдегі іскерлік белсенділіктің қалпына келуі, АҚШ-тағы мұнай қорларының азаюы, сондай-ақ ОПЕК+ мүше елдерінің мұнай өндіруді қысқарту квоталарын сақтауы салдарынан энергия тасымалдаушыларға сұраныстың қалпына келуін бөліп көрсетуге болады.

11-график. Брент сұрыпты мұнай бағасының серпіні (31.12.2019 = 100)



Дереккөзі: Thomson Reuters

Осының аясында қара алтынның бағасы тамыздың соңына қарай бір баррель үшін 45 АҚШ доллары маңызды белгісінен асып түсті.

Күздің басталуымен мұнай нарығында энергия тасымалдаушыларға сұраныстың әлсіреуіне және шикізат тұтынудың маусымдық төмендеуіне байланысты белгісіздік өсті, бұл АҚШ-тағы мұнай мен бензиннің ұлғайып келе жатқан қорлары туралы деректермен расталды. Мұнай бағасы бір айда бір баррель үшін 40,95 АҚШ долларына дейін 9,6%-ға төмендеп, қыркүйекте құбылмалылық көрсетті (13-график).

12-график. ЕМ валюталары және АҚШ доллары (31.12.2019г. = 100)



Дереккөзі: Thomson Reuters

АҚШ, Қытай, ЕО және Ресейдегі экономикалық белсенділіктің біркелкі қалпына келмеуін білдіретін статистикалық деректерді үнемі жариялау коронавирустың екінші толқынының өсіп келе жатқан тәуекелдерімен бірге инвесторлардың алаңдаушылығын күшейтіп, капитал ағынының қорғаныш активтеріне қарай ауысуына ықпал етті.

Бұл өз кезегінде АҚШ доллары позициясының күшеюіне және дамушы нарықтар валюталары әлсіреуінің жалпы үрдісіне алып

келді (12-график). Мәселен, АҚШ долларының индексі тек қыркүйекте 1,9% қосып, ел экономикасын қолдауға арналған ынталандыру шараларының мөлшеріне қатысты АҚШ билігінің қол жеткізілмеген келісімі жағдайында 93,9 тармақты құрады.

АҚШ долларынан басқа қорғаныш активтеріне қызығушылықтың артуы алтын құнының өсуіне әкелді, ол 2020 жылғы тамызда бір унция үшін 2000 доллардан жоғары деңгейге жетті, бұл тарихтағы ең жоғары көрсеткіш (13-график).

Жоғарыда аталған факторлар ұлттық валютаның айырбастау бағамының серпініне айтарлықтай әсер етті.

13-график. Алтын және құбылмалылық индексі (2019 жылғы 31 желтоқсан = 100)



Дереккөзі: Thomson Reuters

Б) Ішкі валюта нарығындағы жалпы ахуал

Валюта нарығының теңгерімділігі ішкі жағдайлармен, оның ішінде республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттерді қамтамасыз ету шеңберінде шетел валютасын жоспарланған сатумен, компаниялардың экспорттық түсімді сатуымен қолдау тапты. Ағымдағы жылғы қыркүйекте ҚРҰБ жүргізген инвтервенциялар айырбастау бағамының құбылмалылығын төмендетуге бағытталды және нарықтық бағамның қалыптасуына әсер еткен жоқ.

Бұл ретте тамызда елде валюта нарығына қатысушылардың арасында шетел валютасына сұраныс серпініне әсер еткен ішінара карантиндік шектеулердің қолданылғанын атап өту керек.

III тоқсанда теңге АҚШ долларына қатысты маусымның соңындағы 404,07-ден бір АҚШ доллары үшін 431,81 теңгеге дейін 6,9%-ға әлсіреді.

Ағымдағы жылғы шілде- қыркүйек аралығындағы кезеңде биржалық валюталық сауда-саттыққа қатысушылардың белсенділігі жоғары болды, бұл операциялардың ай сайынғы көлемінің 2,1 млрд АҚШ долларынан 2,6 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаюына әкелді, бұл жыл басынан бергі сауда-саттықтың орташа айлық көлемі- 2,2 млрд АҚШ доллары және 2019 жылғы орташа мән- 2,4 млрд АҚШ долларымен өлшемдес. USD/KZT валюталық жұбымен биржалық сауда-саттықтың жалпы көлемі 27,6%-ға ұлғайып, 6,9 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы II тоқсанда- 5,4 млрд АҚШ доллары).

Сауда белсенділігінің өсуі банкаралық валюта нарығында да байқалды, онда сауда-саттықтың жалпы көлемі 26,5 млрд АҚШ долларына дейін 11,2%-ға өсті (2020 жылғы II тоқсанда - 23,8 млрд АҚШ доллары) (15-график).

14-график. Теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының серпіні (2019 жылғы 31 желтоқсан = 100)



Дереккөзі: ҚҚБ

15-график. Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Ағымдағы жылғы маусымда айтарлықтай нығайғаннан кейін III тоқсан ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау баға-

16-график. Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Thomson Reuters, ҚРҰБ

17-график. Валюта нарығында теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Дереккөзі: Thomson Reuters

18-график. Биржа нарығында теңгенің АҚШ долларына сұранысы мен ұсынысы бағамының арасындағы спред

Дереккөзі: Thomson Reuters, ҚРҰБ есептеулері

мы сыртқы жағдайлардың нашарлауы аясында біртіндеп әлсіреді.

Күнделікті сауданың орташа көлемі алдыңғы тоқсанның деңгейінен жоғары – 109,7 млн АҚШ доллары (ағымдағы жылғы II тоқсанда - 87,4 млн АҚШ доллары) болды. Ағымдағы жылғы III тоқсанда сауда-саттықтың ең жоғары күндік көлемі 164,7 млн АҚШ доллары (2020 жылғы 30 шілдеде) болды (16-график).

Шілде-тамызда теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамына төмендетуші қысым көрсету Ресей рублінің әлсіреуі аясында өсті, бұл өз кезегінде Ресейге қатысты санкциялық риториканың шиеленісуімен және РФ ОБ тарапынан валютаны сату көлемін төмендетуімен түсіндірілді. Көрсетілген кезеңде теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 404,07 теңгеден 420,11 теңгеге дейін 4,0%-ға әлсіреді. Қыркүйекте коронавирустың екінші толқынынан қауіптену аясында арзандаған мұнай валюта нарығындағы жағдайды ушықтыра бастады. Айдың жекелеген күндерінде теңгенің нығая түскеніне қарамастан, қыркүйектің қорытындысы бойынша теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 431,81 теңгеге дейін 2,8%-ға төмендеді. Биржалық нарықтағы валюталық операциялардың күнделікті көлемі 2020 жылғы III тоқсанның соңғы айында орта есеппен 120 млн АҚШ долларына дейін күрт ұлғайды, бұл шілде-тамыз деңгейінен 15,6%-ға жоғары.

Сыртқы факторлардың күрт нашарлауы жағдайында қыркүйектің соңында шамадан тыс құбылмалылықты реттеу мақсатында ҚРҰБ 2020 жылғы наурыздан бастап алғаш рет ағымдағы жылғы қыркүйекте көлемі 232 млн АҚШ доллары болатын валюталық интервенциялар жүргізді.

2020 жылғы шілде-тамызда биржалық нарықта жекелеген күндері нөлдік мәнге жақындаған төмен құбылмалылық байқалды. Алайда, қыркүйекте сыртқы сектор тарапынан қысымның артуы аясында теңгенің айырбастау бағамының құбылмалылығы қайтадан ұлғайды, бірақ өткен тоқсанның мәндерінен аспады.

II тоқсандағыдай теңгенің АҚШ долларына сұранысы мен ұсынысы бағамының арасындағы ең көп айырмашылық 0,95 теңге болды. Спрэдтың орташа мәні 0,19 теңге (2020 жылғы II тоқсанда – 0,20 теңге) болды. Шілде мен тамыздың жекелеген кезеңдерінде сұраныс пен ұсыныс бағамдары арасындағы тұрақты және салыстырмалы түрде төмен спрэдтер валюта нарығы теңгерімділігінің артуын көрсеткенін атап өткен жөн (18-график).

2020 жылғы III тоқсанда биржалық валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 3,8%-ға азайып, 10,9 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы II тоқсанда – 11,4 млрд АҚШ доллары). 2019 жылғы ұқсас кезеңмен

салыстырғанда биржадағы валюталық операциялардың көлемі 2,5 есе қысқарды.

Валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі 2020 жылғы шілде-қыркүйекте алдыңғы тоқсанға қарағанда 4,0 млрд АҚШ долларына дейін 32,3%-ға төмендеді (2020 жылғы II тоқсанда – 6,0 млрд АҚШ доллары). Бірнеше жыл ішінде алғаш рет спот операцияларының көлемі валюталық своп бойынша мәмілелер көлемінен 1,7 есе асып түскені атап өтерліктей (19-график).

Своп нарығында бір және екі күндік және 1 айлық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілді. 2020 жылғы III тоқсанда бір күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 43,9%-ға қысқарып, 2,1 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы II тоқсанда – 3,7 млрд АҚШ доллары); екі күндік валюталық своптар бойынша – алдыңғы тоқсанға қарағанда 1,7 млрд АҚШ долларына (2020 жылғы II тоқсанда- 2,1 млрд АҚШ доллары) дейін 15,6%-ға қысқарды.

Апталық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілмеген, ал қаралып отырған кезеңде 1 айлық своптар бойынша мәмілелер сирек жүргізілген және олардың жалпы көлемдегі үлесі аз болып, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 21,2%-ға ұлғайып, шамамен 5%-ды немесе 200 млн АҚШ долларын құрады (2020 жылғы II тоқсанда - 165 млн АҚШ доллары). Жалпы алғанда, 2020 жылдың басынан бастап биржалық валюта нарығында нарыққа қатысушылардың операциялардың осы түріне қызығушылығының біртіндеп төмендеуі байқалды (20-график).

19-график. Мәмілелер түрі бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

20-график. Биржалық валюта своптары бойынша мәмілелер



Дереккөзі: ҚҚБ

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Банкаралық валюта нарығындағы мәмілелердің түрлері бойынша спот, валюталық своп және форвард бойынша операциялар өтеді. 2020 жылғы III тоқсанда биржадан тыс валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі өткен тоқсанға қарағанда 7,1%-ға төмендеп, баламалы 39,1 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы II тоқсанда - 42,0 млрд АҚШ доллары) құрады. Операциялар бөлігінде спот мәмілелерінің көлемі 11,2%-ға ұлғайды, ал своп мәмілелерінің көлемі 28,1%-ға қысқарды. Жалпы алғанда, спот мәмілелері операцияларының көлемі биржадан тыс валюталық своп операцияларының көлемінен 2,1 есе асып түсті. Биржадан тыс мәмілелердің жалпы көлеміндегі форвардтық мәмілелердің үлесі аз болды және 2020 жылғы III тоқсанда мәмілелердің жиынтық көлемі 224 млн АҚШ долларына тең болған кезде 0,6%-ды құрады (21-график).

21-график. Мәмілелер түрі бойынша банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: БҚОД

22-график. Банкаралық валюта нарығында KZT/USD валюта жұбымен сауда-саттық көлемі рынке



Дереккөзі: ҚРҰБ

23-график. Биржадан тыс своп нарығында валюталар бойынша операциялар



Дереккөзі: БҚОД

Банкаралық спот операцияларының биржалық спот операцияларынан асатын елеулі көлеміне қарамастан, бұл мәмілелердің басым саны мен көлемі валюталық спотқа, яғни шетел валютасын сатып алу және сату жөніндегі мәмілелерге жатпайды. Банкаралық нарық статистикасында валюталық тәуекелдерді хеджирлеу жөніндегі операциялар да көрсетіледі. Мәселен, 2020 жылғы III тоқсанда бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеу бойынша операцияларының көлемі 21,0 млрд АҚШ долларын немесе биржадан тыс сауда-саттықтың жалпы көлемінің 79,2%-ын (2020 жылғы II тоқсанда- 79,4%) құрады. Бұл операциялар банк тобының ішінде жүргізілді және ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етпеді, демек, теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыруға да әсер еткен жоқ (22-график).

Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу жөніндегі мәмілелерсіз банкаралық нарықтағы сауда-саттық спотының көлемі әлдеқайда аз және жекелеген сауда күндерінде биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық спотының көлемімен салыстыруға болады. 2020 жылғы III тоқсанда меншікті капиталды хеджирлеу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 12,1%-ға ұлғайып, 5,5 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы II тоқсанда- 4,9 млрд АҚШ доллары).

Биржадан тыс валюта нарығындағы валюталық своп мәмілелері

Биржадан тыс валюта нарығында валюталық своптар бойынша мәмілелер жүзеге асырылады, олардың қатысушылары банктер ғана емес, сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушылары болып табылады.

2020 жылғы III тоқсанда валюталық своп бойынша операциялар көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 28,1%-ға төмендеп, 12,3 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы II тоқсанда- 17,2 млрд АҚШ доллары). Своп нарығындағы операциялар көлемінің жартысынан астамын АҚШ доллары бойынша басқа валюталармен мәмілелер құрады – 54,8% (2020 жылғы I тоқсанда – 58,7%). Бұл ретте АҚШ доллары және теңге бойынша валюталық своптардың үлесі своп нарығындағы операциялардың жалпы көлемінің 39,4%-на дейін өсті (2020 жылғы II тоқсанда- 37,5%) (22-график).

Биржадан тыс валюта нарығындағы форвардтық мәмілелер

Биржадан тыс валюта нарығында қатысушылары банктер ғана емес, сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының басқа да

кәсіби қатысушылары болып табылатын жеткізілімді және жеткізілімсіз валюталық форвардтар бойынша мәмілелер жүзеге асырылады.

2020 жылғы III тоқсанда форвардтық мәмілелердің көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 4,6 есе төмендеп, 224 млн АҚШ долларын (2020 жылғы II тоқсанда – 1040,2 млн АҚШ долларын) құрады. Форвард нарығында операциялардың негізгі көлемі – 63,9% (2020 жылғы II тоқсанда – 73,0%) АҚШ доллары/теңге жұбы бойынша мәмілелерге тиесілі болды. Теңгені сатып алумен/сатумен байланысты емес форвард мәмілелері басқа валюталармен мәмілелерге жатады және олардың үлесі форвард нарығындағы операциялардың жалпы көлемінің 24,4%-ы (2020 жылғы II тоқсанда – 14,1%) болды (23-график).

24-график. Форвард нарығындағы валюталар бойынша операциялар



Дереккөзі: БҚОД

Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы

Thomson Reuters деректеріне сәйкес ағымдағы жылғы шілде-қыркүйекте доллар-теңге жұбы бойынша жеткізілімсіз валюталық форвардтарға (NDF) баға белгілеу 2020 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда тұрақты серпінді көрсетті.

Мұнай ағымдағы жылғы тамыздың соңында бір баррель үшін 45 АҚШ доллары белгісіне жеткенде ішкі валюта нарығының қатысушылары жекелеген кезеңдерде теңгенің айырбастау бағамының нығаюын күтті.

2020 жылғы III тоқсанда айырбастау бағамы бойынша күтулер биржалық айырбастау бағамы деңгейінен 12-айлық валюталық форвардтар бойынша 8,4%-ға жоғары (2020 жылғы II тоқсанда – 9,7%), 3-айлық валюталық форвардтар бойынша жылдық көрсеткіште 9,8%-ға (2020 жылғы II тоқсанда – 10,8%) қалыптасты (26-график).

25-график. NDF спреді, жылдық %



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters, ҚРҰБ есептеулері

Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2020 жылғы III тоқсанда халық 680,5 млрд теңгеге барабар сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды, тоқсанына алдыңғы тоқсанға қарағанда 1,7 есе ұлғайды (2020 жылғы II тоқсанда – 390,7 млрд теңге). 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда бұл шығыстар 764,7 млрд теңгеден 11%-ға азайды, бұл карантиндік шектеулермен және халықтың нақты кірісінің төмендеуімен түсіндіріледі.

Қарастырылып отырған кезеңде шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын – 67,5% (2020 жылғы II тоқсанда – 73,3%) сатып алуға бағытталды. Ресей рублінің үлесі 23,4% (2020 жылғы II тоқсанда – 20,8%) және еуро – 8,9% (2020 жылғы II тоқсанда – 5,7%) болды (26-график).

26-график. Халықтың шетел валютасын сатып алуы/сатуы



Дереккөзі: ҚРҰБ

1-қосымша. Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы 3-тоқсан ішінде дамушы елдердің валюта бағамдарының көпшілігі[1] АҚШ долларына қатысты әлсіреді.

27-график. Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (3-тоқсан)



Инфляцияның жылдамдауы аясында Мексика ОБ-ның АКС-ны абайлап жеңілдету циклы және инфляция бойынша таргеттің 2-6%-ға артуына байланысты Үндістан ОБ-ның АКС-ны жеңілдету циклын тоқтата тұруы **Мексика песосы** мен **үнді рупиясының** нығаюына ықпал етті. **Оңтүстік Африка рандының** негізінен 2020 жылғы III тоқсанда қолайлы қалыптасқан жаһандық тәуекел-сентиментіне жоғары сезімталдығы ОАР валютасының нығаюына мүмкіндік берді.

Елдің фискалдық тұрақтылығына қатысты инвесторлардың қауіптенуі аясында **Бразилия реалы** 2020 жылғы III тоқсанда 2,6%-ға (5,47-ден 5,61-ге дейін) әлсіреді. Үкімет қыркүйекте жаңа әлеуметтік бағдарлама жоспарларын жариялады, бұл бюджетке түсетін жүктемені әлеуетті арттырады. Негізгі мөлшерлемені реттеуші 2%-ға дейін төмендетті. ОБ мөлшерлеменің тепе-теңдік деңгейінің төменгі шегінде екенін, сондықтан одан әрі төмендеу екіталай екенін атап өтті.

Индонезия рупиясы борышты кірістендіру тәуекелдеріне және ағымдағы шоттың сақталып отырған тапшылығына байланысты инвесторлардың қауіптенуінен капиталдың жеткіліксіз ағыны аясында 4,3%-ға (14 265-тен 14 880-ге дейін) әлсіреді. Шілдеде Орталық Банк пен Үкімет келісім туралы жариялады, оған сәйкес реттеуші 2020 жылғы екінші жарты жылдықта МБҚ шығарылымдарының 65%-на дейін (іс жүзінде нөлдік мөлшерлеме бойынша) сатып алуға міндетті, бұл органның мандаты мен тәуелсіздігін бұзады. Бұдан басқа тоқсан ішінде ОБ негізгі мөлшерлемені 4%-ға дейін төмендетіп, монетарлық ынталандыруды жалғастырды.

Ресей рублі санкциялық және геосаяси тәуекелдердің ұлғаюы аясында 9,1%-ға (71,2-ден 77,66-ға дейін) әлсіреді. Рубль бағамына теріс әсер еткен басқа факторлар дивидендтерді конвертациялау үшін бейрезиденттер тарапынан валютаға сұраныстың ұлғаюы және пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі салдарынан жаһандық инвесторлардың Ресей активтеріне қызығушылығының төмендеуі болды. Реттеуші шілдеде негізгі мөлшерлемені 4,25%-ға дейін қысқарту туралы шешім қабылдады.

Түрік лирасы сақталып отырған жоғары инфляция мен төмен пайыздық мөлшерлемелер, инвесторлардың халықаралық резервтер деңгейіне және ағымдағы шот тапшылығына қатысты қауіптенуі аясында 12,7%-ға (6,85-тен 7,72-ге дейін) әлсіреді. Сонымен қатар қыркүйекте Түркияның Таулы Қарабақтағы жағдайға әлеуетті қатысуына байланысты геосаяси тәуекелдер де артты.

[1] *АҚШ долларына көлемдер тұрғысынан неғұрлым саудаланатын дамушы елдердің валюталары*

III. ҚОР НАРЫҒЫ

28-график. 2020 жылғы III тоқсанда мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру



Дерекқөзі: ҚҚБ

III. Қор нарығы

III тоқсанда бастапқы нарықтағы МБҚ эмиссиясының көлемі елдегі жұмыспен қамтуды және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру үшін пайдаланылатын бюджет тапшылығын қаржыландыру қажеттілігінің өсуі аясында МБҚ шығару кестесінен едәуір асып түсті.

Облигациялардың корпоративтік секторында 2020 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда қаражаттың әкелінуі 24%-ға төмендеді. Квазимемлекеттік сектор орналастыру көлемі бойынша көшбасшы болуда. Эмитенттердің арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды.

III тоқсанда KASE индексінің серпіні сыртқы нарықтардағы ахуалдың дамуымен айқындалды және әр түрлі бағытты болды. Шілде-тамыздың қорытындысы бойынша KASE индексі 5,7%-ға өскеннен кейін қыркүйекте төмендегенін көрсетті.

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

29-график. Кірістілік қисығы



Дерекқөзі: ҚҚБ, Bloomberg

2020 жылы МБҚ нарығында эмитенттер ретінде ҚР Қаржы министрлігі, ҚРҰБ, 17 ЖАО (әкімдіктер), 5 шет мемлекеттің үкіметі әрекет етеді. Инвесторлардың құрылымы: ЕДБ – 24,4%, брокер-дилерлер – 1,1%, басқа институционалдық инвесторлар – 55,1%, өзге заңды тұлғалар – 19,4%, жеке тұлғалар – 0,1%. Нарық өкілдерінің МБҚ аукциондарына қатысуы 2020 жылы 28,8%-ға дейін өскенін (2019 жылы – 3,8%) атап өткен жөн. 1 жылдан 3 жылға дейінгі ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сегментіндегі нарықтық қатысушылардың үлесі 65,5%-ды құрады.

2020 жылғы 9 айда МБҚ нарығында орналастыру көлемі бастапқы нарықта 2 876 млрд теңге болды (2019 жылмен салыстырғанда 49,7%-ға ұлғайды), қайталама нарықта 763,9 млрд теңге болды (2019 жылмен салыстырғанда 50,6%-ға ұлғайды). МБҚ бастапқы нарығында 2020 жылғы III тоқсанда орналастыру көлемі 1 054,5 млрд теңге болды (2020 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 18,2%-ға төмендеді). ҚҚБ бастапқы нарығындағы мәмілелердің негізгі көлемі 827,3 млрд теңгені құраған (2020 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 4,47%-ға төмендеді) ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ операцияларына тиесілі. Ағымдағы жылғы шілде-қыркүйекте 23 аукцион өткізілді, онда өтелетін кірістілігі 10,29%-дан 10,84%-ға дейінгі ауқымдағы қысқа мерзімді МЕККАМ және ұзақ мерзімді МЕУКАМ орналастырылды. ҚР Қаржы министрлігі мамыр-қыркүй-

екте көлемі 0,8 трлн теңгені (жоспар – 1 трлн теңге) құраған 1-3 жыл мерзіммен ҚР Қаржы министрлігінің қысқа мерзімді МБҚ шығаруды жалғастырды.

ЖАО МБҚ-ны орналастыру көлемі 2020 жылғы III тоқсанда 227,2 млрд теңгені құрады (алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 46,1%-ға азайды). 14 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала орташа алынған кірістілігі жылдық 9,48-11,07% болатын 1,7 жылдық, 1,8 жылдық, 1,9 жылдық, 2 жылдық мемлекеттік облигацияларды орналастырды. Орналастырудың негізгі көлемі 200,0 млрд теңге сомасына «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыруға байланысты.

ҚҚБ деректері бойынша 2020 жылғы 1 қазанда ҚҚБ-да саудаланатын мемлекеттік борыш сомасы 15 993 млрд теңгені (барлық мемлекеттік борыштың 80%-на жуығы) құрады. Өтеуге дейінгі мерзімі бойынша мемлекеттік борыштың құрылымы:

- 1 жылға дейін – 4 345,1 млрд теңге (ҚҚБ-да саудаланатын мемлекеттік борыштың жалпы сомасының 27%-ы),
- 1-3 жыл – 2 316,3 млрд теңге (14%),
- 3-5 жыл – 2 168,9 млрд теңге (14%),
- 5-10 жыл – 3 227,0 млрд теңге (20%),
- >10 жыл – 3 936,1 млрд теңге (25%).

III тоқсанда ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ шығару көлемі дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру үшін пайдаланылатын бюджет тапшылығын қаржыландыру қажеттілігінің өсуі аясында МБҚ шығару кестесінен іс жүзінде 2 есе асып түсті. Бұл ретте 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімі бар ҚР Қаржы министрлігінің облигациялары бойынша кірістіліктің ақша-кредит талаптарын жеңілдету аясында төмендеу байқалды. Жалпы алғанда, бір жылға дейінгі мерзімі бар бағалы қағаздардың және басқа да бағалы қағаздар кірістілігінің біртіндеп теңесуі байқалады.

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

2020 жылғы III тоқсанда ҚҚБ-да корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 439,2 млрд теңгені құрады (алдыңғы тоқсанға қарағанда тоқсанда 24%-ға төмендеді). Оның ішінде бастапқы нарықта орналастыру 402,8 млрд теңгені құрады (тоқсанда алдыңғы тоқсанға қарағанда 5,2%-ға өсті), қайталама нарықта – 36,4 млрд теңге (тоқсанда алдыңғы тоқсанға қарағанда 80%-ға төмендеді). Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемінің үлесі корпоративтік облигациялар нарығындағы сау-

30-график. Эмитенттердің 2020 жылғы III тоқсандағы жылдық кірістілігі



Дерекқөзі: ҚҚБ

31-график. Бастапқы нарықта орналастыру үлесі



Дерекқөзі: ҚҚБ

32-график. Бастапқы нарықта орта мерзімді/ұзақ мерзімді корпоративтік облигацияларды орналастырудың уақыт аралығы (1 жылдан астам)



Дерекқөзі: ҚҚБ

33-график. KASE индексі



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

да-саттықтың жиынтық көлемінің 91,8%-на жетті. Шығарылған корпоративтік облигациялар бойынша орташа кірістілік 10,97% құрайды. Қарастырылып отырған кезеңде барлығы 9 эмитент орналастырды (31-график).

Тартудың негізгі үлесіне «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйымы» АҚ (50,4% немесе 200,5 млрд теңге), «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (22,2% немесе 88,5 млрд теңге), «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (12,6% немесе 50,0 млрд теңге), «Агро кредит корпорациясы» АҚ (10,2% немесе 40,5 млрд теңге), «ҚазАгроҚаржы» АҚ (2,6% немесе 10,2 млрд теңге), «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (1,4% немесе 5,7 млрд теңге), «Онлайнказфинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС (0,5% немесе 1,9 млрд теңге), «Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ (0,1% немесе 0,3 млрд теңге) және «Технолизинг» АҚ (0,03% немесе 123 млн теңге) ие болды (32-график).

Уақыт аралығы бойынша барлық 33 орналастыру 1 жылдан астам мерзімімен жүзеге асырылды. «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ эмитенті өтеуге дейінгі 2 жылдан бастап 5 жылға дейінгі мерзімі бар 17 орналастыру, «Қазақстанның даму банкі» АҚ 5 жыл мерзімімен 1 орналастыру, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 4,4 жылдан бастап 4,5 жылға дейінгі мерзімі бар 5 орналастыру, «Агро несие корпорациясы» АҚ 1 жылдан бастап 10 жылға дейінгі мерзімі бар 3 орналастыру, «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ 11 жылдан бастап 30 жылға дейінгі мерзімі бар 2 орналастыру, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ 11 жылдан бастап 30 жылға дейінгі мерзімі бар 2 орналастыру, «ОнлайнҚазҚаржы» микроқаржы ұйымы» ЖШС 2 жылдық мерзімі бар 1 орналастыру, «Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ 6 жылдық мерзімі бар 1 орналастыру, «Технолизинг» АҚ 3,4 жылдық мерзімі бар 1 орналастыру жүргізді (32-график).

34-график. KASE индексі мен құрауыштары



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

B) Акциялар нарығы

Шілдеде KASE индексі біршама өсті, ол мысты өндіру қысқаруымен және металды негізді тұтынушы болып табылатын ҚХР экономикасы тез қалпына келуі аясында металдарға баға белгілеу қалпына келуімен байланысты болды. Жоғарыда аталған жағдайлар KazMinerals акцияларына оң әсер етті, олар 25,6%-ға өсті. Уранды өндіру қысқаруы жағдайында жыл басынан бері оның құны өсуі «Қазатомпром» ҰАК акциялары 6,8%-ға өсуіне әкелді, бұл да индекске оң әсер етті.

Тамызда бір айдың қорытындысы бойынша 1,2%-ға өсіп, KASE индексінің өсуі жалғасты. KazMinerals жай акциясының құны индекс өсуінің негізгі қозғалтқышы болды, ол мыс бағасының оң серпіні аясында 2020 жылғы ең жоғары көрсеткішті жаңартып,

3000 теңгеден астам ұлғайды. Оқшауланған нарықта сауда-саттық жабылу кезінде Лондонның қор биржасында компанияның ЖДҚ-мен айырманы реттеп, Ұлттық Банк акцияларының құны да 3,2%-ға өсті.

Жалпы KASE индексі ағымдағы жылғы наурызда түскеннен кейін қалпына келді.

Қыркүйекте көбінесе KAZ Minerals PLC, Қазақтелеком және Халық банкінің акциялары тиісінше 5,4%, 5,7% және 4,9%-ға төмендеуінен KASE индексі 2,0%-ға төмендеді. Әлемдік нарықтардағы экономиканың қалпына келу қарқынына қатысты белгісіздік мысқа баға белгілеуге қысым көрсетті, бұл Лондон қор биржасында KAZ Minerals PLC ЖДҚ-на теріс әсер етті. Елде КВИ қайталап өршу мүмкіндігінен карантин шараларын күшейту ықтималдығы аясында Халық банкі акциясының құны төмендеді.

Үшінші тоқсанда акциялар нарығынан банктік лицензиясынан айырылуына байланысты «Tengri Bank» АҚ акциялары және «CHINATOWN» АҚ акциялары 90 күн ішінде мәмілелер болмауына байланысты алып тасталды. Бұл ретте ресми тізімге жаңа екі эмитенттің акциялары: «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» сақтандыру компаниясы» АҚ мен «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ жай акциялары енгізілді.

Нарықта сауда-саттық көлемі үшінші тоқсанда 91,7 млрд теңге болды, ол екінші тоқсанмен салыстырғанда 2,4 есе, өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 30,0%-ға артық.

Акциялардың қайталама нарығында жеке тұлғалар ең белсенді болды, олардың үлесі жалпы көлемнен 55,5% болды. Брокерлер-дилерлердің үлесі 13,6%, ЕДБ – 0,4%, басқа институционалдық инвесторлардікі – 7,4%, өзге заңды тұлғалардікі 23,1% болды. Бейрезиденттердің қатысуы 9,2%-ды құрады.

Каспи қаржытех-холдингі ретінде күзде Лондон қор биржасында IPO өткізді. Компания акцияларын бастапқы орналастыру институционалдық инвесторларға бағытталды. Ашудың бастапқы бағасы бір акция үшін 33,75 АҚШ доллары болып, бірінші күні 20%-дан астам өсті. IPO-дан түсім 1 млрд АҚШ долларын құрап, компания 6,5 млрд долларға бағаланды, бұл оны ең қымбат Қазақстан компаниясы етті. Қосымша, осы жылы Zoominfo компаниясынан кейін ең үлкен екінші IPO болды. Компанияның бағалы қағаздары Лондон мен Астана халықаралық қор биржаларында саудаланады.

35-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі (млрд теңге)

Дереккөзі: ҚҚБ

36-график. Акциялар нарығында инвесторлардың негізгі топтары бойынша 2020 жылғы III тоқсандағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

IV. ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ

IV. Депозит нарығы

2020 жылғы III тоқсанда теңге сияқты валюта салымдары да өсуі есебінен депозит ұйымдарында депозиттердің көлемі өскені байқалды.

Ағымдағы жылғы I тоқсанда айырбастау бағамы әлсіреуінен бағамдық қайта бағалау нәтижесінде түскен валюталы қаражатының қайта ауысуы есебінен теңгемен салымдары өсті. Валюталық салымдар айырбастау бағамы әлсіреу нәтижесінде бағамды қайта бағалау аясында өсті. Сонымен қоса, III тоқсанның соңында айырбастау бағамы әлсіреу аясында салымшылардың валюталық депозиттерге, ерекше корпоративтік сегментте қайта ауысуы орны алды. Нәтижесінде, депозиттерді долларландыру өсті.

Халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер III тоқсанда базалық мөлшерлемені төмендету, сондай-ақ депозиттер бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемесінің жоғары шегін белгілеу әсерінен қалыптасты.

А) Депозиттер көлемі және долларландыру

37-график. Депозиттердің көлемі өсуіне құрауыштардың үлесі, ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

Банк жүйесінің депозиттік портфелі 2020 жылғы үшінші тоқсанда 21,4 трлн теңгеге дейін 7,6%-ға ұлғайды. Өсім көбінесе теңгемен салымдар есебінен жылдық көрсету бойынша 18,0% болды (37-график).

III тоқсанда депозиттердің өсуі теңгемен және валюталық салымдар өсуі есебінен орын алды, және біршама дәрежеде бағамдық қайта бағалау, сондай-ақ ағымдағы жылғы наурызда валюталық салымдар бойынша қайта бағалаудан алынған кірісті кейіннен теңгемен депозиттерге біртіндеп ауыстыру есебінен қалыптасты.

Депозиттердің көлемі өсуінің жартысына жуығы теңгемен салымдарға тиесілі, олар 2020 жылғы III тоқсанда көбінесе корпоративтік сектордың салымдары есебінен 5,9%-ға немесе 706,6 млрд теңгеге өсті.

Теңгемен салымдар өсуінің едәуір үлесі (95%) басқа (мерзімді) салымдарға тиесілі, олардың жартысынан астамын заңды тұлғалардың салымы құрайды.

Халықтың теңгемен салымдары 2020 жылғы шілдеден бастап қыркүйек аралығында 5,1%-ға немесе 291,8 млрд теңгеге өсті, бұл II тоқсандағы өсімнен шамамен екі есе аз. Жеке тұлғалардың теңгемен салымдарының өсімі мерзімді және аударыла-

тын депозиттерден тең дәрежеде қалыптасқан өткен тоқсанмен салыстырғанда үшінші тоқсанда мерзімді салымдар біршама (98% астам) үлес қосты.

Теңгенің III тоқсанда әлсіреуі шетел валютасындағы көлемі 797,2 млрд теңгеге немесе 10,0%-ға ұлғайған валюталық депозиттер өсуіне қолдау көрсетті. Теңгенің әлсіреу нәтижесін ескерусіз валюталық салымдардың өсуі өте маңызды болған жоқ – валюта баламасында өсім аз болды және 2,9% немесе 576 млн АҚШ долларын құрады. Бизнестің валюталық салымдары халықтың депозиттеріне қарағанда (6,1%) біршама (14%-ға) өсті, бұл тиісінше корпоративтік сектордың депозиттері долларлануын ұлғайтты.

Халықтың жалпы депозиттік портфелі 5,5%-ға немесе 534,3 млрд теңгеге өсті (II тоқсанда 0,5%-ға төмендеді).

Олардың құрылымында жеке тұлғалардың теңгемен салымдары 5,1%-ға, шетел валютасындағы 6,1%-ға өсті (бағамдық әсерді ескерусіз – 0,8%-ға төмендеді). Нәтижесінде халықтың шетел валютасындағы салымдарының үлесі үшінші тоқсанда 0,2 п.т. (2020 жылғы маусымдағы 41,1%-дан 2020 жылғы қыркүйекте 41,3%-ға дейін) аздап өсті.

Корпоративтік сектордың салымдары екінші тоқсанда төмендегеннен кейін (-361,3 млрд теңге) үшінші тоқсанда валюталық аударылатын салымдар (+17,1%) және теңгемен мерзімді салымдар (+11,0%) есебінен 9,5%-ға немесе 969,5 млрд теңгеге ұлғайды.

Заңды тұлғалардың салымдарды долларландыруы 1,6 п.т ұлғайып, 40,5% болды, алайда долларландырудың жалпы деңгейінен төмен болып қалуда.

Валюталық салымдардың жалпы үлесі ағымдағы жылы ең төмен мәндеріне жетіп, 2020 жылғы шілдеде (39,5%) аздаған өсімді көрсетті және ағымдағы жылғы III тоқсанның қорытындысы бойынша 40,9%-ға жетті (38-график).

38-график. Депозиттерді долларландыру,



Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) ҚДКБҚ шекті мөлшерлемелері

ҚДКҚ-ның шекті мөлшерлемелері III тоқсанда мына факторлардың әсерінен қалыптасты:

1) 2020 жылғы шілдеде **базалық мөлшерлемені** төмендету. Жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес мерзімсіз, сондай-ақ мерзімді және аз мерзімі бар жинақ салымдары бойынша шекті мөлшерлемелердің мөлшері базалық мөлшерлеменің мөлшеріне қарай айқындалады, осыған байланысты оны өзгерту депозиттердің осы түрлеріне әсер етеді.

2) **2020 жылғы маусымда ең жоғары мөлшерлемелердің шегін белгілеу**. ҚДКБҚ Әдістемеге өзгерістер енгізді, базалық мөлшерлеме мен спредтің қосындысы ретінде есептелетін депозиттер бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелердің жоғары шегін белгіледі. Бұл өзгерістер базалық мөлшерлемеге қатысты артық өсіруге және кредиттер бойынша мөлшерлемелердің өсуін жанама ынталандыратын пайыздық шығыстардың ұлғаюына жол бермей, банктік қорландыру құнын қолайлы деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған шаралар халықтың салымдары бойынша мөлшерлемелерді төмендетуге ықпал етті. 2020 жылғы қыркүйекте мерзімсіз салымдар бойынша, сондай-ақ толықтыру құқығымен 3 және 6 айлық мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлеме 9,0%, ал толықтыру құқығынсыз 9,5% болды. Қысқа мерзімді (3 және 6 айлық) жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер толықтырумен 10,0% және толықтырусыз 10,5% болды.

2020 жылғы қыркүйекте 12 және 24 айлық мерзімі бар жинақ депозиттер бойынша ең жоғары ұсынылып отырған мөлшерлемелердің мөлшері мөлшерлемелердің ең жоғары шегіндегі деңгейде белгіленді. Олар бойынша орташа алынған нарықтық мөлшерлемелер белгіленген шектен жоғары қалыптасты, тиісінше ең жоғары ұсынылып отырған мөлшерлеме ретінде белгіленген шектің мәні қабылданды. Нәтижесінде толықтырумен 12 и 24 айға жинақ депозиттері бойынша ең жоғары мөлшерлемелер 11,9% және 11,8%, толықтырусыз тиісінше 14,0% және 13,8%[2] болды.

[2]*Жеке тұлғалардың салымдары бойынша шекті мөлшерлемелердің өзгеру серпіні ҚДКҚ ресми сайтында қолжетімді: https://www.kdif.kz/kz/bankam/predelnye-stavki-voznagrazhdeniya*

2-бокс. Өңірлер бойынша депозиттер

Өңірлер бойынша 2020 жылғы қыркүйектің соңында 2019 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда Маңғыстау облысын қоспағанда, барлық өңірлерде банктерде депозиттердің өсімі тіркелді.

Депозиттер көлемінің жылдық өсімінің барынша жоғары қарқыны Түркістан облысында (29,4%-ға), Алматы қаласында (27,1%-ға), Ақмола облысында (26,7%-ға), Қостанай облысында (25,8%-ға) байқалды. Маңғыстау облысында депозит портфелінің төмендеуі корпоративтік сектордың валюталық салымдары едәуір азаюына негізделді.

Депозиттердің көлемі бойынша көшбасшылар Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары болып табылады, оларға республика бойынша барлық депозиттерден тиісінше 44,5% және 20,0% тиесілі. Салымдар өсуінің жоғары қарқынына қарамастан, депозиттердің ең аз үлесі Түркістан облысына 0,4% тиесілі.

39-график. Өңірлер бойынша депозиттердің көлемі (млрд теңге)



Дереккөзі: ҚРҰБ

Депозиттердің ең жоғары долларландыру деңгейі Атырау облысында (53,5%), Алматы қаласында (51,6%), Нұр-Сұлтан қаласында– 43,5%. 2020 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша салымдарды ең аз долларландыру Солтүстік Қазақстанда (18,8%) және Түркістан облыстарында (13,8%) тіркелді.

V. КРЕДИТ НАРЫҒЫ

40-график. Субъектілер бойынша шілде-қыркүйекте берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

V. Кредит нарығы

Кредиттік белсенділік қалпына келе бастады. Өткен жылмен салыстырғанда төмен көлеміне қарамастан, жаңа кредиттерді берудің айлық серпіні өсімнің оң аумағына, оның ішінде шектеу шараларын жеңілдету аясында халыққа тұтынушылық мақсатта берілетін кредиттер қалпына келуі есебінен шықты.

Бір тоқсанда жаңа кредиттерді беру өтелген кредиттердің көлемінен асты. Нәтижесінде, 2020 жылғы III тоқсанның соңында банктік кредиттер (кредиттік портфель) бойынша берешек қалдығы жылдық көрсету бойынша 14,3 трлн теңгеге дейін 7,1%-ға ұлғайды. Кредиттік портфельдің бір жылдық өсімі 2020 жылғы наурыздағы 14,7%-дан шілдеде 6,7%-ға дейін күрт баяулағаннан кейін тамыздан бастап біртіндеп үдеп келе жатыр.

41-график. Экономикаға жаңа кредиттер беру, % ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

А) Жаңа кредиттер беру

2020 жылғы III тоқсанда жаңадан берілген кредиттердің көлемі өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 7,4%-ға немесе 293,8 млрд теңгеге азайып, 3 690,2 млрд теңгені құрады. Берілген кредиттер төмендеуінің негізгі факторы жеке сектор болып табылады (40-график).

Бір тоқсанда теріс нәтиже қалыптасуына қарамастан, жаңа кредиттерді берудің айлық серпіні кредиттік белсенділік қалпына келгенін көрсетті (41-график).

Экономикаға жаңа кредиттер беру ағымдағы жылғы тамыздан бастап шектеу шараларын жеңілдету аясында халыққа берілетін кредиттер, көбінесе тұтынушылық қарыздар қалпына келуі есебінен өсімнің оң аумағына шықты.

42-график. Жеке тұлғаларға 2020 жылғы III тоқсанда берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) Субъектілер бойынша жаңа кредиттер беру

Жеке тұлғаларға берілген кредиттер өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2020 жылғы шілде-қыркүйекте 12,2%-ға азайды (42-график).

Ағымдағы жылғы сәуірде төмендегеннен кейін жылдан жылға жеке кредиттерді бір айда беру біртіндеп қалпына келе бастады (43-график).

Тұтынушылық кредиттердің теріс үлесі біршама қысқарда, бұл тұтынушылық сегментте кредиттерді беру жеделдеуін білдіреді. Ипотекалық кредиттеу халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын көрсете отырып, халыққа жаңа кредиттерді беру өсімінің қозғалтқышы болып табылады.

43-график. Халыққа жаңа кредиттер беру, % ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бизнеске берілген кредиттердің көлемі

2020 жылғы III тоқсанда өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 4,2%-ға қысқарды.

Салалар бойынша бөлуде заңды тұлғаларға берілген кредиттердің төмендеуі корпоративтік кредиттер төмендеуінің негізгі факторы болып табылатын саудада (6,8% төмендеу) және көлікте (41,8%) байқалады, ал өнеркәсіпте (кредиттер 4,3%-ға өсті), ауыл шаруашылығында (24,6%-ға) және құрылыста (7,4%-ға) өсім байқалады (44-график).

44-график. Бизнеске салалар бойынша берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен шағын бизнеске берілген кредиттердің едәуір өскені байқалады. Шағын бизнеске берілген кредиттердің көлемі өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2020 жылғы шілде-қыркүйекте 87,9%-ға ұлғайды.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталды (79,1%), оның 90%-дан астамы қысқа мерзімді болып табылады (1 жылдан аз) (45-график).

В) Нетто-кредиттеу

2020 жылғы III тоқсанда жаңадан берілген және өтелген кредиттер арасындағы айырма заңды және жеке тұлғаларды ұлттық валютамен нетто-кредиттеу[3] өсуі есебінен оң болып (756,6 млрд теңге) қалыптасты (46-график).

45-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Заңды тұлғаларды ұлттық валютада нетто-кредиттеудің біршама өсуі бизнесті қолдау, сондай-ақ іскерлік белсенділікті қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен шағын және орта бизнеске берілген кредиттердің өсуімен түсіндіріледі.

Жеке секторда III тоқсанның басында жеке тұлғаларды ұлттық валютамен таза кредиттеу (-48,5 млрд теңге) төмендеуі-

3 Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырмасы болып табылады

46-график. 2020 жылғы III тоқсанда нетто-кредиттеу, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

47-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу серпіні



Дереккөзі: ҚРҰБ

нен, оның ішінде халықты тұтынушылық мақсатта кредиттеу азаюынан нетто-кредиттеу едәуір төмендегені байқалды.

Алайда тамыз-қыркүйекте жеке тұлғаларды нетто-кредиттеу тұтынушылық және ипотекалық кредиттерді беру қалпына келуі есебінен біршама өсті.

ЕДБ кредиттері бойынша берешек қалдығы (кредиттік портфель)

2020 жылғы III тоқсанның соңында кредиттік портфельдің көлемі жылдық көрсету бойынша 7,1%-ға (жылдың басынан бері – 3,5%-ға өсті) өсіп, 14,3 трлн теңге болды (47-график). Кредиттік портфельдің жылдық өсімі жеке тұлғаларды тұтынушылық мақсатта кредиттеудің өсу қарқыны төмендеу аясында 2020 жылғы наурыздағы 14,7%-дан шілдеде 6,7%-ға дейін күрт баяулағаннан кейін тамыздан бастап ұлғайып келеді.

Валюталық кредиттерді бағамдық қайта бағалауды есепке алусыз кредиттік портфель жылдық көрсету бойынша 5,4%-ға ұлғайды.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк кері РЕПО операцияларын Ұлттық Банктің кепілді қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында жүргізеді. Ашық нарық операциялары - базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Ашық нарық операциялары – банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне ықпал ету мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары. Ашық нарықта операциялар Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде кепіл ретінде жоғары өтімді және тәуекелсіз бағалы қағаздар пайдаланылады.

Тұрақты қолжетімділік операциялары - ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, оларды: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айырбастауға болады; 2) олар чек, тратта немесе қомақты-тапсырмалар арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылады. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар жинақ және мерзімді депозиттер жатады. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Тікелей РЕПО – бағалы қағазды алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – биржада мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АНК – «Агро несие корпорациясы» АҚ

б.т. – базистік тармақ

ҚДБ – «Қазақстанның даму банкі» АҚ

ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

ҚАҚ – «ҚазАгроҚаржы» АҚ

ҚИК – «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ

ҚҚБ (KASE) – Қазақстанның қор биржасы

ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

ҚТГА – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

ҚДКҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

ОҚҚ МҚҰ – «ОнлайнҚазҚаржы микроқаржы ұйымы» ЖШС

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

КБСК – «Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ

ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

Млрд – миллиард

Млн – миллион

Мың – мың

ТЛ – «Технолизинг» АҚ

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ